

күрделі синтаксистік құрылымдар (виртуалды кеңістік), екіншіден, оқырманның мәтінді қабылдау кезіндегі түсінілімі (оны мәтін семантикасының актуалды кеңістігі дейміз) негіз болады.

«Әр буын қаламгердің ортақ дүниетанымы, ортақ идеялық-көркемдік принциптері сол бір көзқарастағы аса үлкен дарын иесі тудырған дүниені нысана етіп қабылдауға мүмкіндік жасайды. Ал, өмірдегі таланттар мен талантты туындылардың молдығы әдеби дәстүр қазынасының байы түсуіне кепіл.

Ал Ә. Кекілбаев пен Ә. Нұрпейісовтың тілдік тұлғасының когнитивтік, прагматикалық деңгейін олар ұсынған көркем мәтіндерге концептуалдық талдау жасау негізінде зерттеу алдағы ізденістердің үлесінде болады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Имашева Г. Міржакып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.

2 Әшірбекова А. Қазақ романдарындағы адам мен табиғат байланысының көрінісі (1970-1980 ж.ж.): Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.

3 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 263 с.

4 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 137 б.

5 Нұрпейісов Ә. Мені тұлғалар өсірді // Егеменді Қазақстан. 23 қаңтар, 2010 ж.

6 Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. – А.: Жазушы, 2010. – 320 б.

7 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – А.: Жазушы, 1999. – 472 б.

### Резюме

*В настоящей статье дана характеристика понятия «Языковая картина мира» в произведениях А. Нурпеисова и А. Кекилбаева. Так как «Языковая картина мира» является сложной понятийной конструкцией, каждый исследователь решает вопрос проблемы раскрытия её природы со своей позиции. Языковая картина мира – языковая единица, присущая только человеку и проявляющаяся в речевой особенности человека.*

### Conclusion

*In the article the characteristic of the notion “linguistic picture of the world” in the works of A. Nurpeisov and A. Kekilbaev is given. As far as the linguistic picture of the world is the difficult conceptual framework every scientist interprets its character from his own position. The linguistic picture of the world is a language unit peculiar only to a human and is expressed only in the speech features of the person.*

## «КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ (НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ ДАСТАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тулегенова Ш.И.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күреске толы қилы тарихында өшпес із қалдырып, ерлік пен өрліктің жарқын үлгісі бола білген ұлы тұлғаларының бірі әрі бірегейі – Кенесары Қасымұлы. Атақты Абылай ханның текті ұрпағы Кенесары ханның жойқын да жарқын бейнесі халқымыздың тарихымен қатар сол тарихтың шын мағынасындағы ажырағысыз айнасы бола білген ұлттық әдебиетінде жан-жақты көрініс тапты.

Хан Кененің қазақ халқының әдеби мұрасындағы тарихи тұрғыдан суреттелуін қарастырған әдебиетші ғалым Есмағанбет Ысмайыловтың «XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының ұлт азаттық жолындағы күрсетерінің ең іргелісі – Кенесары

Қасымұлы бастаған халық көтерілісі еді. Он жылға созылған (1837–1847) бұл көтеріліс қазақтың әлеуметтік тарихынан қандай зор орын алатын болса, ауыз әдебиеті тарихынан да ерекше орын алады» [1, 311] деген пікірі тарихи шындық тереңіне жетелеп, ауыз әдебиетіндегі асқақ тұлғасын тануға бағыт береді.

Кенесары Қасымұлы көсемдігіндегі азаттық жолында жан берісіп, жан алысқан көтерілістің ұлт өміріндегі тарихи маңызы сан ғасырлық ел өмірінің шежіресі болған әдеби мұрада терең суреттеліп, кейінгі кезеңдерге саф алтындай жарқырап жетті. Оны еркіндік пен азаттық жандеті болған патша цензурасы да, ой еркіндігін аяусыз жаншып отырған кеңестік саясат идеологиясының қысымы да ұлт

санасынан өшіре алғаны жоқ. Саяси қысым барынша үстемдік алып тұрған 1948 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» (I том. Фольклор) ұжымдық еңбекте тарихи тұлғаларға арналған тарихи өлеңдердің жеке бөлімде берілуі де әдебиеттегі халықтың тарихи жадының беріктігін тағы бір қырынан дәлелдесе керек. Міне, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (I том. Фольклор) ұжымдық еңбектің «Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жыр әңгімелер» бөлімін жазған әдебиетші ғалым Есмағанбет Ысмайыловтың әдеби және тарихи сипаттағы ғылыми пікірі халық мұрасындағы Кенесары Қасымұлының өшпес бейнесін тарихи шындық пен көркемдік шындық байланысында зерттеудегі қазіргі жаңаша танымға нақты бағыт-бағдар беруімен ерекше назар аудартады.

Кезінде «ұлтшылдық» тұрғыдан жиырма бес жылға бас бостандығынан айырылған ғалым Е. Ысмайыловтың «Тегінде Кенесары – Наурызбай туралы тарихи жыр әңгімелердің көбін сол көтеріліске әр алуан түрде қатынасы болған, қошеметшіл ақындар және кейінде солардың ізімен кеткен ақындар шығарған. Сондықтан, ол жырларды Кенесарыны, оның әкесі Қасымды ардақты хан, батыр деп дәріптеп, көтеріп айту жағы басым келеді. Екінші бұл жырларда Кенесарыны хан деп отырса, Наурызбай, Ағыбайларды жауынгер батыр деп үнемі ақтап, дәріптеп жырлау басым келеді. Бұрынғы зерттеулер дәл осы жайды жете аспаған болатын» [1, 312] деген пікірі өзінің өзектілігімен құнды. Ұлт-азаттық көтерілістің түпкілікті себептеріне әрі әдебиетші, әрі тарихшы ретінде терең бойлаған ғалым сонымен қатар «Кенесары бастаған халық көтерілісі тұрасындағы жыр, әңгімелерді негізгі үш топқа бөлеміз. Бірі тарихи оқиғаларды, бас қаһармандардың өмірін, тарихи кезеңдердің ізімен сатылап жырлаған оқиғалы, көлемді жырлар.

Екіншісі – Кенесары қозғалысына қатынасқан батырлар туралы жеке жыр, әңгімелер.

Үшінші – Кенесары, Наурызбай және басқа батырлар туралы ұсақ, әңгіме, аңыздар. Кенесары, Наурызбай, басқа батырлар жайлы жырларда Абылай, Қасым, Есенкелді, Саржанға да аздап тоқтала кетеді» [1, 312] деген ғылыми зерттеушілік пікірімен Кенесары Қасымұлы тұлғасының жырлануының әдеби-тарихи негіздерін ашып көрсетеді. Міне, Алаш жұртының азаттығы үшін жанын құрбан қылған хан Кенесары Қасымұлы және оның батыр серігі Наурызбай хақындағы халық мұрасы елдік және азаттық жолындағы ерлік істерімен

есімдері ұлт жадында мәңгі қалған тұлғалар бейнесін тарихи шындыққа сай жырлауымен құнды.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін жүргізілген даңқты күресі болды. «Бір жағын алпауыт Ресей патшалығы омырып, екінші бүйірін Қытай кеміріп жатса да, жалпы қазақ елін қанжығаға байлатпай, бірде егеулі найза ұшымен, бірде уәлі тілдің уытымен қорғап, жер қайысқан жау қолдарынан құтылып кетіп отырған Абылай хан парасатын берік ұстанғысы келген қаһармен немере Кенесары батырдың да атамекен үшін арыстандай айбат шегуі шексіз болды. Жегі құрттай дендеп кіріп, іштен шалар ұзын құрық айлакерлігі бар орыс империясының пасық пиғылына тосқауыл қоймай жақсылық жоқ екендігін жан-дүниесімен сезінген ержүрек сұлтан жанталасып-ақ бақты» [2,5]. Ақиқатына келгенде ұзақ жылдар бойғы жүргізілген кеңестік ұлтсыздандыру саясаты қазақ халқын тарихын танудан алшақтатып, сан ұрпақты мәңгірттендіруде аянып қалғаны жоқ. Ер мен ел намысы жат қолында тапталып, елдік киесі болған тарихи тұлғалар таза мансұқталып датталды. Мұхтар Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» кітабында жазғанындай «Жетпіс жыл бойы жүргізілген саясаттың, соған сәйкес жазылған том-том тарихтың, жекелеген кезеңдерге арналған ресми жинақ, зерттеулердің ең басты тұрғысы, өзекті арқауы – «қазақта тарих болмады» деген қағида» [3, 13] болды. Ең бастысы ұлт тәуелсіздігімен байланысты азаттық рухы қайта желбіреп, «Бір кездегі ордалы ел қаншама заманғы қапастан соң қайтадан ту көтерді» [3, 153]. Сол елдік туының қайта желбіреуінде, елдік байрағының қайта асқақтауында Кенесары Қасымұлы сынды тарихи тұлғалардың ерен тарихи ерлігі, ерен жанқиярлық ісі ұрпақ тәрбиесінің өзегіне алынуы керек. Ал оған бастар рухани қайнар атақты хан ерлігі мен өрлігі арқау болған тарихи жыр, дастандардың оқу үрдісінде ұрпақ санасына тоқылып, зерттелулер арқылы тарихи жадқа қайта тоқылуы болса керек.

Қазақ даласын аяусыз отарлауға кіріскен Ресей басқыншыларына деген наразылығы ұлы Кенесары ханның Орынбор әскери-губернаторы Перовскийге, яғни 1841–1844 жылдарда Орынбор шекаралық комиссиясына жолдаған хаттарынан айқын танимыз. «Сізден бұрынғы орыстың үлкенлерінен зорлықтан басқа мархаматшылық көргеміз жоқ дүр. Енді сізден

мархаматшылық болар деген үмітіміз бар. Біздің бұл ғарызымызны падишаһқа жеткізіп, біздің өмірімізді өзімізге қайтарып алып берсеңіз – орыс, қазақтың көз жасының сауабына қалар едіңіз. Құдай бір, закон басқа дүр» [4, 50] деген ұлт қорғанының тарихи ерен ісі кешегі кеңестік саясаттың солақайлығымен бұрмаланып келді. Оған тағылмаған саяси айыптаулар некен-саяқ деуге болады. Ал Кенесары Қасымұлының тарихи бейнесі жырланған әдебиетіміздің асыл үлгілері кеңестік идеология қысымына алынып, рухани айналымнан алынып тасталды. Бұл ретте ел тарихын, ер ерлігін өшірмей ұрпақ санасына тоқып келген сан ғасырлық асыл мұра мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы қайта жаңғыру үстінде. Соның ішінде атақты Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны құнды мұра десек, Алаш арысы Халел Досмұхамедұлы құрастыруымен 1923 жылы Ташкентте шыққан кітапқа да ұзақ жылдар бойы тиым салынып келді.

Ұлт қайраткері Халел Досмұхамедұлы қазақ рухани мұрасының шын мағынасындағы жанашыры Әбубәкір Диваев жинаған «Кенесары-Наурызбай» жырына түсінік жазып, жеке кітап қылып шығарды [5]. Кітап кіріспесінде жазған алғы сөзінде Алаш қайраткері «Кенесары-Наурызбайды» шығарудағы қазақ білім комиссиясының мақсатын айта келіп, «Нысанбайдың сөзінің артықшылығы ең әуелі тіл жағынан. Нысанбайдың тілі – нағыз үлгі боларлық қазақ тілі. Екінші, Нысанбай өзі соғыста болып, көзімен көргенін жазып отыр. Үшінші, Нысанбай қазақты орынсыз мақтап, қырғызды боқтап сөйлемейді, қазақтардың кемдігін, қырғыздардың ерлігін айқын көрсетеді» деп жазады. Бұл Нысанбай жырау мұрасына әділ берілген баға болуымен қатар дастанның әдеби және тарихи маңызын ғылыми негізде ашып беруімен де құнды деп айта аламыз.

Әдебиетші Халел Досмұхамедұлы пікірінің маңызы біріншіден, дастан тілінің тазалығына қастысты болса, екіншіден, ең маңыздысы Нысанбай жыраудың тарихи шындықты барынша ақиқатпен жырлап, тарихи шындықты бұрмаламай беруіндегі ақындығын шынайы бағалауы деп айтуға болады. Сонымен қатар, Халел Досмұхамедұлының «Комментарий жазғанда Шәкәрімнің тарихын, Ахмет Төре Кенесарыұлының Смирновке «Кенесары мен Сыздық төре туралы» жазып берген сөздерін, орыс тілінде Түркістан туралы, әсіресе

Жетісу туралы жазылған көп кітаптарды пайдаландық. Бұл – бір. Екінші, Қоңырқұлжа Қожықұлынан, Мұхаметжан Тынышбайұлынан, Жанқараш немересі Сатарқұл Диканбайұлынан, Ишанғали Аралбайұлынан, Кенесары немересі Әзімхан Ахметұлынан, тағы басқалардан алынған мағлұматтарды пайдаландық» [5, 100] деген түсініктемелер Нысанбай жырау жырлауындағы «Кенесары-Наурызбай» дастанының әдеби-тарихи негіздерін терең тануға әрі зерттеуге нақты бағыт-бағдар беруімен құнды деп айта аламыз.

*«Бұл қисаны шығарған  
Нысанбай деген жыршы еді.  
Кене ханның тұсында  
Жұрттан озған сыншы еді.  
Айтқан сөзі үлгілі,*

*Құлақтың бір құрышы еді»* деп Нысанбай жырау өзі жырлағандай айтқан сөзі үлгілі жыраудың дастаны Кенесары Қасымұлы көтерілісін барша қайшылықтағы болмыс-бітімімен терең әрі шынайы суреттеуімен құнды. Елдік пен өрліктің жыршысы болған жырау бір өзінің ғана емес, барша Алаш баласының басындағы қасіретін тарихи шындыққа сай жеткізді.

*«Кене ханның тұсында,  
Қарт бурадай жарардық...  
Жауды жасқап жапырып,  
Жауған қардай борардық...  
Абылайлап ат қойып,*

*Дұшпанның алдын орадық»* деп айбынды әрі айбарлы күреске толы күндер хан Кененің өлімімен бірге келмекке кетіп, басқаға құл болған қазақ қайғысы тұрғысынан жеткізді. Оған мына жыр жолдары арқылы көз жеткізіп, ханынан айырылған Алаш қасіреті арқылы көз жеткіземіз. Бассыз қалған ел, шіл боғындай тозған ел, ертеңгі күні не болары белгісіз Алаш тағдыры дастанда тарихи шындыққа сай жырланады.

*«Ханымыздан айрылып,  
Шіл боғындай тарардық!..  
Көрінгеннен қорғалап,  
Кісі аузына қарардық!!  
Кенесары кеткен соң,  
Иесіз қалды тағымыз!  
Наурызбай төре кеткен соң,  
Бастан тайды бағымыз!  
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,  
Байланды тіл мен жағымыз!..  
Артында қалған жетім ел,  
Келіспеді-ау сәніміз!..  
Ақырында, әлеумет,  
Осындай болды халіміз!..».*

Алаш қорғаны болған айбынды хан мен батыр тұлғасы, атақты ата-бабасынан келе жатқан елдік қасиетте Нысанбай жырау дастанында ұрпақтар сабақтастығымен барша сән-салтанымен жан-жақты суреттеледі.

*«Абылай ханның баласы  
Асып туған Қасым-ды.  
Арғы тегін сұрасаң,  
Шынжыр қатар асыл-ды.  
Саржан атқа мінген соң,  
Төренің бағы ашылды.  
Дұшпанның көңілі басылды.  
Жалғыз Саржан не болар,  
Есенгелді қосылды.  
Кімге апарып теңейміз  
Наурызбай сынды жасынды?!»* [2, 17-18].

Ал осы сипаттағы рухы асқақ, намысы өршіл тұлғаларды тудырған қазақ қоғамы да осал емес. Оны Нысанбай жырау өзіне тән жыраулық асқақтықпен көшпелелер бойындағы ерлік тұрғысынан ала отырып

*«Қоғамы күшті ер еді,  
Киімді бала тудырған.  
Ықпалы жүрген ер еді,  
Алтынд құлыш будырған.  
Абылайлатып ат қойып,  
Дұшпанды көрсе құдырған!»* [2, 53] деп жеткізеді.

Дастандағы көркемдік суреттеу тәсілі өмір шындығымен барынша үйлесе отырып, тарихи оқиға ізімен сабақтастықта өрледі. «Көзімен көріп, бұл сөзді, Нысанбай еді жырлаған» [2, 18] деген жырау хан Кененің елдік жолындағы азаттық көтерілісін тұтас Алаш баласының қолдамаған қасіретін «... Барғанын қабыл алмады, Кене ханның сөзіне Құлағын да салмады» деп еш жасырмай айтады.

*«Абылай аспас асудан  
Асамын деп өрледі.  
Оңайлықпен қазаққа  
Асуды қырғыз бермеді.  
Әр жерлерден құрылып,  
Қырғыздың қолы кернеді.  
Бесінге дейін атысып,  
Қазақтың әлі келмеді»* [2, 21] деген жыраудың жүрек түкпірін жарып шыққан налыс әрі намыс толғауы тарихи шындық болатын.

Жан алқымға келген жанталаста Кенесары хан өзінің қан майданда ақ адал серігі болған Бұғыбай батыр, Наурызбай батырлардың ерлігіне сенім аратады.

Наурызбай батырдың «- Әй, Бұғыбай, Бұғыбай, Қорлық болды бұл қалай? Жол таба алмай қамалдық, Амал тапшы бұған-ай!»... Бұл сапар алдым ашылмас, Дүниенің шектім

тарлығын, Сасқан жерден жол тауып, Білінуші еді нарлығың. Осы бүгін, Бұғыбай, Қырғыздың көрдім қорлығын» дегені шындықтан туған жан алқымдағы жан айқайы болатын.

Кенесары Қасымұлының тар жол, тайғақ кешулі жолындағы серігі болған Наурызбай батырдың батырлығы Нысанбай дастанында баршы шынайы болмысымен суреттеледі. Қырғызбен болған ұрыстағы Наурызбай ерлігін тебірене отырып, ақындық қуаттағы тасқынмен көркемдік-эстетикалық биікте жырлайды.

*«Ор қояндай бұлтиған  
Көк дөнен ат астында.  
Камзол ішік құнטיған,  
Ақ орамал басында.  
Көрозлығы бергісіз  
Отыз көкжал қасында.  
Сол уақытта Наурызбай  
Жиырма бес жасында»* [2, 27].

Батыр тұлғасындағы ерлік пен өрлік, намыс пен кек қайраты жалғыз оның ғана емес, тұтас Алаш баласының намыс байрағы болып көркемдік шеберліктегі қуатта психологиялық тереңдікпен беріледі. Арпалыстағы алмағайып уақыттың ұрысқа толы қилы сәттерін басынан өткерген жыраудың Кенесары, Наурызбайлардың жан дүниесі, ішкі сезімінің қайшылығын берудегі терең психологиялық иірімдер кейіпкер әлемін ашудағы шеберлікке тәнті етеді.

*«Наурызбай гүл-гүл жанады,  
Ақ білегін сыбанып.  
Жауды аралап қырады,  
Қолына жасыл ту алып.  
Шын қаһарға мінеді,  
Ақша беті қуарып»* [2, 30].

«Жар бола көр біздерге, Атамыз өткен Абылай!» деген жырау «Тайынбай жауға кіріңдер, Айбынды туған ерлерім!» деп батырлар намысын қайрайды. Бұл ретте барлық тарихи оқиғаларды көзімен көріп, куәгері болған Нысанбай жыраудың басты кейіпкерлер психологиясын тереңнен ашуының тарихи негіздеріне барынша илана түсесің. Оқиғаны сырттан бақылау арқылы жырлау немесе өткен шақта суреттеу қандайда болмасының көркем шығарманың көркемдік бейнелеу тәсілімен қатар өмір шындығымен байланысын барынша үстей түсетінен әдебиетші ғалымдар атап көрсеткен болатын. Соның ішінде көркемдік қиял, көркемдік ойлау жүйесіне қатысты ғалым С. Негимовтың «Көркем сананың эмоциялылық белсенділігі, эстетикалық сезімнің кемелдігі, сергектік, тез, шапшаң шабыттау, болжағыштық, тұтанғыштық қасиеттер

көркемдік ойлаудың тегеурін-қуатын танытады» деген пікірі тұрғысынан алғанда Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанының шиыршық атқан шарықтау шегі, көркемдік шешімі тарихи оқиға ізімен жазылған дастанның реалистік сипатын, психологиялық тереңдігін барынша арттыра түскен.

Кескілескен ұрыста Ержанның тұтқынға түсуі қазақ-қырғыз соғысының бітіспес майданындағы отты одан сайын үдете түсті. «Бізді жоқтап Ержекем, Көзінің жасын төкпесін... Маған жауап беріңіз, Екі-үш кісі алайын. Көп кешікпей, Кенеке, Ержанды іздеп барайын. Асуына шығармай, иіріп алып қалайын. Қан құстырып келейін Сақау қырғыздың талайын» [2, 37–38] деген Наурызбай батырдың дауылды екпінін Кенесары хан басады. Онсыз да кетеуі кеткен әскердің Наурызбай батырсыз қауқары қандай болмақ? Осындай ер сыналар қиын сәттерде де Наурызбай батыр жеке бастың емес, барша Алашқа тұтқа болған Кенесары ханның амандығын тілейді.

*«Бақытты болсын ханымыз...*

*Жау қарасын көргенде,*

*Қайтпасын бастан бағымыз.*

*Ержан түсіп қырғызға,*

*Дұшпанға кетті арымыз*

*Онан біздің артық па,*

*Майданға кірмей, жанымыз?!*

*Арманда болған ер үшін*

*Кегін алар күн бүгін»* деген ерлікке бастар өршіл сөзі батырлардың намысын қамшылайды. «Қызыл ала қан қылды Қызыл судың жиегін. Науан бұл жолы ағатты Ерлігінің тиегін» деп жырланғандай қанды қырғында Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі Наурызбай батыр да мерт болды.

Қазақ халқының елдік қасиеті үшін болған соғыста жанын берген Абылай хан ұрпағы Кенесары, Наурызбайлар бейнесі ерліктің, намыстың өшпес те өлмес бейнесі болып қала береді. Қырғыз тұтқынына түскен Кенесары ханның қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапқан ердің ерлігін Мағжан ақын жырлағандай елі, жері мәңгілік ұмытпайды. Нысанбай жыраудың «Наурызбай төре кеткен соң, Бастан ауды бағымыз. Кенесары кеткен соң, Иесіз қалды тағымыз. Бұлбұлдай сайрап жүр едік, Байланды тіл мен жағымыз. Азғанымыз емес пе, Қойшыдан сынды сағымыз. Артында қалған жетім ел, Келіспей кетті сәніміз. Ақырында, әлеумет, Осындай болды халіміз» деген күйініші барша Алаштың мұңға толы қайғысы еді.

Иә, кешегі тарих тағылымына жетелейтін тарихи жырлар, тарихи дастандар Кенесары, Наурызбайдай ұлт тәуелсіздігі үшін жанын берген тарихи тұлғаларға деген Алаш баласының құрмет сезімін еселейді. Сондықтан да ұлт тарихындағы азаттық жолындағы жеңіс пен жеңілісті, даңқ пен дақпыртты ақиқат таразысына салып безбендеуге мүмкіндік беретін халық мұрасының әдеби және тарихи маңызы зор болып табылады. Әдеби мұрадағы тарихи шындық пен көркемдік шындық байланысын терең зерттеу мәселесі де өзінің өзектілігімен барынша жаңа ғылыми мағына алууда. Соның ішінде ұлт азаттығы үшін арыстанша арпалысып өткен Алаш айбыны Абылай ханның текті ұрпақтары Кенесары, Наурызбай сынды тарихи тұлғалар бейнесі сомдалған әдеби мұраның құндылығы әдебиетшілер, тарихшылар тарапынан зерттелуде. Тарихи оқиғаларға куә болған әрі арпалысқа толы алмағайып күндерді басынан өткерген Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанына арқау болған тарихи оқиға негіздері тарихи шындық пен көркемдік шындық арақатынысының күрделі мәселелерін байыпты қарастыруда құнды әдеби мұра тұрғысынан бағалы.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ысмайылов Е. Кенесары-Наурызбай туралы тарихи жыр әңгімелер. Кітапта: Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Фольклор. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1948.

2 Абылайдың ақ туы (Баспадан). Кітапта: Хан Кене: Тарихи толғамдар мен пьес, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993.

3 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Мектеп, 2008.

4 Кенесарының хаттары // Ақиқат. – 1994. – №2. – Б. 47–51.

5 Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: «Ана тілі», 1991.

#### Conclusion

Nysanbai's poem defines fiction difference of Nauryzbai batyr in the history. It says, "Nysanbai's words show the richness of the language. First of all, his language is a genuine example of the Kazakh language. Secondly, Nysanbai took part in a battle himself, he experienced everything himself. Thirdly, Nysanbai praised Kazakh people a lot, but he never blackguarded Kyrgyz people, he distinctly showed Kazakh people's weak sides, Kyrgys people's bravery", using Nysanbai poet's work and appreciating its value.